



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде туризмді дамыту, 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

Аймақта туристерге қолайлы жағдай жасау үшін жүйелі жұмыс жүргізілуде. Өткен жылдың қорытындысымен облысқа 157 500 турист келіп, 35 пайыз өсім қалыптасты. Қызмет көрсету көлемі 2 млрд. 441 млн. теңге болып, 57,6 пайызға артты.

Қайта жаңғыртудан өткен теміржол вокзалының «Қорқыт ата әуежайының» ішінен туристерге ақпарат беретін виртуалды карта әзірленіп, QR кодтар қойылды. Жаңадан ашылған заманауи үлгідегі музейде жксурсияға келушілерге тарихи деректер жан-жақты таныстырылады.

Облыстағы демалыс парктері жаңартылып, туристерге қолайлы және қауіпсіз қызмет көрсетіледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында халық көп шоғырланатын орындарда «102», «SOS» арнайы дабыл батырмасының 15 құрылғысы орнатылды.

Туристік инфрақұрылымды дамыту үшін Rixos және Rana Hotel қонақүй желілері салынууда. Аудан орталықтарындағы теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылуда.

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылатын іс-шараларға жергілікті бюджеттен 30 млрд. теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланған. Бүгінде

жоспардағы жұмыстар басталды. Балалардың құқықтарын қорғау саласында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелер құрылды. «Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы» ашылды. Қызылорда қаласы мен барлық ауданда 8 «Отбасын қолдау орталығы» құрылып, жұмыс жасауда. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жаңғыртылып, қызметтік автокөліктері 100 пайыз жаңартылды.

Білім беру ұйымдарына 100 пайыз бейнебақылау камералары орнатылып, жасанды интеллект технологияларын енгізу мақсатында 480 млн. теңге қаржы бөлінбек. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыру көлемі жыл сайын 50 пайызға ұлғайып келеді.

Балалардың мүмкіндіктерін ерте анықтау, сапалы оңалту арқылы толыққанды өмір сүруге бейімдеу үшін білім саласында 3 оңалту орталығы ашылды. Денсаулық сақтау саласында да 2022 жылдан бері 3 оңалту орталығының жұмысы жолға қойылған.

ӨНІРДЕ 517 ЖҰМЫСКЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ


Өткен жылы Қызылорда облысында мемлекеттік еңбек инспекторлары тарапынан 278 тексеру жүргізіліп, еңбек заңнамасын бұзудың 348 дерегі анықталды. Нәтижесінде 517 жұмыскердің бұзылған еңбек құқықтары қалпына келтіріліп, жалақы бойынша қалыптасқан берешектер толық өтелді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Бектемір Жұмағұлов мәлімдеді.

– Өткен жылы облыстағы 3 кәсіпорында 5 жұмыскерге қатысты 2,8 млн теңге көлемінде жалақы берешегі анықталған болатын. Алайда қабылданған шаралар нәтижесінде аталған қарыз жыл ішінде толық өтелді. Қазіргі таңда облыс аумағында кәсіпорындарда ағымдағы немесе ұзақ мерзімді жалақы берешегі тіркелмеген. Сонымен қатар есепті кезеңде 8 кәсіпорында ұжымдық еңбек дауы туындау қаупі байқалып, жағдай бақылауға алынды. Наразылықтардың негізгі себептері жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және зиянды еңбек жағдайларында еңбек ететін жұмыскерлерге кәсіптік зейнетақы жарналарының төленбеуіне байланысты болды. Құзырлы мемлекеттік органдармен бірлесіп қабылданған жедел әрекет ету шараларының нәтижесінде кәсіпорындардағы ахуал тұрақтандырылды. Еңбек ұжымдарымен кездесулер ұйымдастырылып, қолданыстағы еңбек заңнамасы аясында жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, өткен жылы цифрландыруға және еңбек қатынастары саласындағы барлық процестердің ашықтығын арттыруға ерекше басымдық берілді. Осы бағытта облыстағы 382 кәсіпорынның штаттық кестелері еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне толық енгізілді. Қазіргі уақытта штаттық кестеге сәйкес қызметкерлерді



тағайындау бойынша 382 мекеменің 371-і жүйеге енгізіліп, бұл көрсеткіш 97 пайызды құрап отыр. Бұдан бөлек, өткен жылы жоспарға сәйкес 785 кәсіпорынның ұжымдық шарттары цифрландырылып, жоспар 125,2 пайызға орындалды. Ал қаңтар айында қосымша 26 ұжымдық шарт енгізіліп, көрсеткіш 104 пайызға жетті, - деді Бектемір Ұлыбекұлы.



ТАЗАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Қала аумағында санитарлық тазалық талаптарының сақталуын қадағалау мақсатында, қала әкімдігі жанынан құрылған жұмысшы топ рейдтік шаралар жүргізді. Кезекті рейд барысында Т. Жүргенов, Әбілхайыр хан және А. Иманов көшелері бойындағы бірқатар кәсіпкерлік нысандарда тазалық талаптарының сақталмағаны анықталды. Аталған кәсіпкерлерге «Қызылорда тазалығы» мекемесі мен учаскелік полиция инспекторы тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескерту берілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес, тиісті хаттамалар толтырылды.

Жерлестер жеңіс төрінде

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында 2012 жылы туылған жасөспірімдер арасында бокстан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Былғары қолғап шеберлері арасындағы байрақты бөсекке еліміздің барлық аймағынан 230-ға жуық спортшы қатысып, жүлделі орындарды өзара сарапқа салды.

Соның ішінде қызылордалық жас боксшылар бір алтын, бір қола медаль жеңіп алды. Жарыс нәтижесі бойынша 70 кг салмақ дәрежесінде Аян Бауыржан -I орын, 46 кг салмақ дәрежесінде Әлихан Көпжасар - III орынды иеленді.



ДАУ МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Талап қоюшы Байқоңыр қалалық сотына жауапкерден бала үш жасқа толғанға дейін өзінің (жұбайының) асырауына алимент өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгініп, жауапкер өз еркімен материалдық көмек көрсетпейтінін көрсетіп, жауапкерден алимент өндіруді сұрады.

Тараптарға дауды татуластыру рәсімдерінің көмегімен аяқтау жөніндегі құқықтарын түсіндіріп, нәтижесінде тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келіп, соттан істі тоқтатуды сұраған. Келісімге сәйкес, жауапкер талап қоюшыға әр айдың 30-ына дейін бала үш жасқа толғанша 9 АЕК мөлшерінде жұбайын асырауға алимент төлеуге міндеттелді.

Байқоңыр қалалық соты

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕГЕН

2025 жылы Қызылорда облысында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту бағытында кешенді жұмыстар жүзеге асырылды. Облыстық прокуратура мен полиция департаментінің бірлескен жұмысының нәтижесінде өңірдегі қылмыстық ахуал айтарлықтай жақсарғаны байқалады.

Қызылорда облысы прокуратурасы заңда белгіленген өкілеттіктер аясында қылмыстың алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді. Нәтижесінде 2025 жылы өңірде қылмыстың тіркелуі 2,5 пайызға төмендеген.

Бұл туралы Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров пен Полиция департаментінің бастығы Серік Ерғешов мәлімдеді.

– Бұрын сотты болған тұрғындармен жұмысты күшейту мақсатында прокуратура бастамасымен мобильдік топтар құрылып, есепте тұрған 1500-ден астам тұрғынның тұрғылықты мекенжайы мен жұмыс орындары тексерілді. Бұл шаралар жекелеген қылмыс түрлерінің азаюына тікелей әсер етті. Жекелеген қылмыс түрлері бойынша нақты төмендеу байқалады. Аса ауыр қылмыстар 2 пайызға, орташа ауырлықтағы қылмыстар 4,8 пайызға, онша ауыр емес қылмыстар 3,5 пайызға азайды. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру - 4 пайызға, тонау - 48,6 пайызға, қорқытып алушылық - 18,8 пайызға, ұрлық - 50 пайызға төмендеді. Қоғамдық орындарда жасалған қылмыс 10,8 пайызға, оның ішінде көшедегі қылмыс 7,7 пайызға азайды, - деді Ризабек Кәрімұлы.

Сонымен қатар меншікке қарсы, әсіресе алаяқтық қылмыстарының алдын алу мәселелері ұлттық банк, қаржы нарығын реттеу агенттігі, екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарының қатысуымен өткен үйлестіру кеңесінде жан-жақты қаралды. Нәтижесінде 289 жәбірленушінің 300 миллион теңгеге жуық несие төлемін уақытша тоқтату бойынша 340 ұсыну енгізіліп, алаяқтық деректері бойынша 406 дроппер анықталды. Келтірілген 2,4 млрд теңге залалдың 1,5 млрд теңгесі өндіріліп, өтелу деңгейі 63 пайызды құрады.

Ал Қызылорда облысы Полиция департаменті қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірқатар тың бастамаларды іске асырды. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыру мақсатында қосымша 10 дана «Sunqar» автоматтандырылған құрылғысы іске қосылып, бейнебақылау жүйелері кеңейтілді. Өңірдегі жедел жағдайдың тұрақты бақылауда екенін полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Серік Ерғешов атап өтті.

– Жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тіркелуі 2 пайызға төмендеді. Қоғамдық орындарда және көшелерде жасалатын қылмыстардың саны азайды. 10 мың тұрғынға шаққандағы құқық бұзушылық деңгейі республика бойынша 57 болса, облысымызда бұл көрсеткіш 32-ні құрап отыр. Біз қауіпсіз өңірлер қатарындамыз. Сондай-ақ соңғы үш жылда өңірде ұрлық қылмыстары 63 пайызға төмендеп, пәтер және тонау деректері азайған. Мал ұрлығы өткен жылмен салыстырғанда бір деңгейде сақталған, - деді Серік Жүрсінбайұлы.

Құқық қорғау органдарының бірлескен әрі жүйелі жұмысы Қызылорда облысында қоғамдық қауіпсіздікті нығайтып, тұрғындардың құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға оң ықпал етіп отыр.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

**8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.**

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Конкурс проводится повторно в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе осуществляется в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Шиелийского района», расположенном по адресу: Шиелийский район, поселок Шиели, улица И. Абдыкаримовой №11 с 9:00 часов «16» февраля 2026 года до 19: 00 часов «27» февраля 2026 года.

Проведение конкурса начнется «02» марта 2026 года в 10:00 часов в актовом зале акимата Шиелийского района по адресу: Шиелийский район, поселок Шиели, улица Т. Рыскулова №6.

В заявке на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства;

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан - сведения о наименовании юридического лица, его местонахождении, государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя - юридического лица с указанием размера долей в уставном капитале (от общего размера устав-

ного капитала), аффилированных лиц заявителя сведения о;

2) для физических лиц - сведения о фамилии, имени и отчестве заявителя (если оно указано в документе, удостоверяющем личность), месте жительства, гражданстве, индивидуальном идентификационном номере, документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местонахождение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства, уведомление о необходимости подписания договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства; в течение трех рабочих дней со дня получения должно содержаться обязательство по заключению указанного договора.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства может быть представлена уполномоченными представителями физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

В конкурсном предложении:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по разработке и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) выполнение требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденные приказом министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 19893), выполнение индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, выполнение научных обоснованных агротехнологий, должны содержаться обязательства по соблюдению фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, представленные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение, за исключением

случаев подачи через веб-портал «электронного правительства», представляется участником конкурса в закрытом конверте, страницы которого пронумерованы, прошнурованы или прошнурованы несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения подписана участником-для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) - для юридических лиц и заверяется печатью (при наличии).

В заявке и конкурсном предложении между строками не должно быть вставок, стирания или приписки, за исключением случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические и арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения записываются слова) конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства «и» 02» марта 2026 года не может быть открыт до 10:00 часов « (указывается фактическая дата открытия).

Более подробную информацию можно получить в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Шиелийского района», расположенном по адресу: Шиелийский район, поселок Шиели, улица И. Абдыкаримовой №11. Контактный тел / факс. 8(72432) 35-5-02.

Коммунальное государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Шиелийского района»

Перечень земельных участков, находящихся в государственной собственности крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного назначения

Р/н	Местоположение земельного участка (отдаленность от сельского округа № лота земельного участка	Общая площадь земельного участка га	Земельный участок предоставляется для: Для сельскохозяйственно го производс тва	Право землепользования	Описание почвы	Состав полей	Качественная характеристика почв, (балл бонитет)	Сельскохозяйствен ная специализа ция региона	Водо обеспеченность
1	Шиелийский район Енбекшинский а/о,	100	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	1530 ¹ лс ΔΔ-Слабосолонцеватые серо-бурые лёгкосуглинистые среднешебнистые почвы.	Пастбища-98,0га Прочие -2,0 га	7	Животноводство	Водообеспечен
2	Шиелийский район, Тартугайский а/о, р. Сарысу	150	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	718 ³ +6636 ² -Плотные сильносолонцеватые среднесуглинистые почвы в комплексе (до 10%) с лугово-бурозёмными опустыненными среднесолонцеватыми почвами.	Пастбища-148,0га Прочие -2,0 га	6	Животноводство	Водообеспечен
3	Шиелийский район, Тартугайский а/о, урочище Түменбай суаты	25	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	662 ² +641а ² -лс-Лугово-бурозёмные среднесолонцеватые лёгкосуглинистые почвы в комплексе (до 10%) с лугово-бурозёмными пойменными среднесолонцеватыми почвами.	Пастбища-23,0га Прочие -2,0 га	15	Животноводство	Водообеспечен
4	Шиелийский район, Тартугайский а/о, урочище Бектас	30	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	662 ⁴ +641а ² -г-Лугово-бурозёмные слабосолонцеватые среднесуглинистые почвы в комплексе (до 10%) с лугово-бурозёмными пойменными среднесолонцеватыми почвами.	Пастбища-28,0га Прочие -2,0 га	16	Животноводство	Водообеспечен
5	Шиелийский район, Сулутوبинский а/о, урочи- ще Сарысу, тер. Қалмас	500	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	6636 ² +723 сп-Лугово-бурозёмные опустыненные слабосолонцеватые супесчаные почвы в комплексе (до 10%) с типичными солонцами.	Пастбища - 490,0 га Прочие -10,0 га	6	Животноводство	Водообеспечен
6	Шиелийский район, Сулутобинский а/о, урочи- ще Ащықұдық	200	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	6636 ² +729 Лг - Лугово-бурозёмные опустыненные среднесолонцеватые лёгкосуглинистые почвы в комплексе (до 10%) с закреплёнными бугристыми песками.	Пастбища - 68,1 га Прочие -2,0 га	11	Животноводство	Водообеспечен
					729 п-Закреплённые бугристые пески.	Пастбища - 127,9 га Прочие -2,0 га	2	Животноводство	Водообеспечен
7	Шиелийский район, Сулутобинский а/о, вдоль автодороги Кызылорда Жезказған	100	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	539 ² сп - Среднесолонцеватые серо-бурые супесчаные почвы.	Пастбища - 98,0 га Прочие -2,0 га	4	Животноводство	Водообеспечен
8	Шиелийский район,Қарғалинский а/о, урочище Томарлы	100	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	662 ¹ +729 с-Лугово-бурозёмные слабосолонцеватые среднесуглинистые почвы в комплексе (до 10–30%) с закреплёнными бугристыми песками.	Пастбища - 14,8га	9	Животноводство	Водообеспечен
					662 ² +729 с-Лугово-бурозёмные среднесолонцеватые среднесуглинистые почвы в комплексе (до 10–30%) с закреплёнными бугристыми песками.	Пастбища - 54,6 га Прочие -2,0 га	7	Животноводство	Водообеспечен
					729+662 ¹ - п -Закреплённые бугристые пески в комплексе (до 10–30%) с лугово-бурозёмными слабосолонцеватыми почвами.	Пастбища - 28,6 га	1	Животноводство	Водообеспечен
9	Шиелийский район, Қарғалинский а/о, урочище "Балықты" 2	50	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	729+6636 ³ п -Закреплённые бугристые пески в комплексе (до 10%) с лугово-бурозёмными опустыненными сильносолонцеватыми почвами.	Пастбища - 48,0 га Прочие -2,0 га	2	Животноводство	Водообеспечен
10	Шиелийский район, Қарғалинский а/о, урочище «Бұланбай бауы» 3	50	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	662 ² +6636 ² с-Лугово-бурозёмные среднесолонцеватые среднесуглинистые почвы в комплексе (до 10%) с лугово-бурозёмными опустыненными среднесолонцеватыми почвами.	Пастбища - 28,8 га Прочие -1,0 га	10	Животноводство	Водообеспечен
					Закреплённые бугристые пески.	Пастбища - 19,2га Прочие -1,0 га	1	Животноводство	Водообеспечен
11	Шиелийский район, Қарғалинский а/о, урочище " Көксұйық"	50	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	662 ⁴ +723 с-Лугово-бурозёмные слабосолонцеватые среднесуглинистые почвы в комплексе (до 10%) с типичными солонцами.	Пастбища - 48,0га Прочие -2,0 га	12	Животноводство	Водообеспечен
		1355							

КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылыс барысымен танысты. Аумағы 25 мың шаршы метр болатын нысан 3 және 4 қабатты блоктардан тұрады. Бас мердігер «ASPAN HOLDING», бас жобалаушы «Жоба», техникалық қадағалаушы «Строй-Проф» серіктестіктері.

Кешен олимпиадалық стандарттарға сай келетін 50 метрлік бассейнмен, Азия, Әлем чемпионаттары сияқты ауқымды жарыстар өткізуге арналған 2500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдарымен қамтылады. Құрылысы екінші жартыжылдықта аяқталады. Айта кетейік, 2022 жылдан бері өңірде 24 спорт нысаны салынса, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы

4 спорт кешені ел игілігіне табысталады.

Мемлекет басшысының аймақтарда спорт инфрақұрылымын, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес, 11 мың орындық жаңа стадион ашылды. УЕФА-ның IV санатты сертификатын алған жаңа нысанда ауқымды спорттық шараларды өткізуге барлық мүмкіндік жасалған.

Ерлер мен әйелдерге арналған «Қызылорда

бокс клубы», балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп «Теннис орталығы», «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері ашылды. Қызылорда қаласында ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған заманауи «Инклюзивті спорт орталығы» ел игілігіне табысталды.

Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтті. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 80 спорт-ойын алаңы орнатылған.



САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – БІЗДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТ

Мемлекет органдардың негізгі міндеттердің бірі - жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсету. Қазір мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасы дұрыс орындалмаса заң алдында жауапты болады. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады.

Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің ақпараттық қолжетімділіктерін қамтамасыз ету мақсатында Белкөл кентінің әкімшілік ғимаратында стандарттарға сәйкес ақпараттық тактай-шалар орнатылған. Сондай-ақ, әкімшілік ғимаратында халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзін өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған.

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»
2. «Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»
3. «Сауда – саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне

құқықтарды алу»

4. «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»

5. «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»

1. «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту»

2025 жылдың 12 айында Белкөл кенті әкімі аппаратымен -64 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту және Сауда – саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу Қанағаттандырылғаны- 55, қалған 9- қызмет көрсетуге дәлелді себептермен бас тартылды.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру - мемлекеттің даму көрсеткіштерінің бірі және жемқорлықты жоюға, халықтың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді. Ал Белкөл кенті әкімі аппараты барлық қызмет алушыларға ыңғайлы жағдай жасайды.

Н.ҚУАНЫШ,
Белкөл кентінің жетекші маман-заңгері

Аудан жаңалықтары



АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Есмаханов отбасы құндылықтарын дәріптеу, аяулы аналарға деген құрметті арттыру мақсатында көпбалалы аналармен арнайы кездесу өткізіп, Президент Жарлығына сәйкес «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілерін салтанатты түрде табыстады.

Кездесу барысында аудан басшысы әйел-аналардың қоғамдағы, отбасы мен ұрпақ тәрбиесіндегі айрықша рөлін атап өтіп, елдің бүгінгі жетістігі мен ертенгі болашағы аналардың мейірімі мен еңбегінің нәтижесі

екенін айтты.

«Әрбір отбасының ұйытқысы болып отырған аналар – берекенің бастауы, тіршіліктің күретауыры. Мемлекет тарапынан аналар мен балаларды қолдауға әрдайым басымдық беріліп келеді. Бұл

бағытта ауданымызда көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған аналарға әлеуметтік қолдау шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда ауданда 4 мыңға жуық отбасының балалары мемлекеттік жәрдемақымен қамтылған. Аяулы аналарымызға деген құрмет әрдайым жалғаса бермек, - деді аудан әкімі.

Марапаттау рәсімінен кейін Роза Бағланова атындағы

аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары аналарға арнап ән шырып, мерекелік көңіл күй сыйлады.

«Ана – ұлттың айнасы, берекенің бастауы» - деген аудан әкімі марапат иелерін наградаларымен құттықтап, аналарға мықты денсаулық, отбасыларының амандығы, ұрпақтарының қызығын көруді тіледі.

ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Сырдария ауданының әкімі Берік Сэрменбаев аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжісеновпен және аудандық мәслихат депутаты Марат Бисеновпен бірге Ақжарма ауылындағы газдандыру жұмыстарының барысын бақылады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың газбен қамтылған елді мекендердің санын арттыру және газ желілерін жаңғырту жөніндегі міндеттеріне

сәйкес, өңірлерде жүйелі жұмыстар жүргізіліп, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың тапсырмасымен аймақта газдандыру деңгейі

83 пайызға жетті. Ауданда бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Өткен жылы Н.Илиясов пен Шаған ауылы табиғи газға қосылса, биыл Ақжарма ауылында газдандыру жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен уақытында аяқталуы қатаң бақылауда болады, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Жалпы жоба құны 1,8 млрд. теңгені құрайтын газдандыру жұмыстарын «Алия Сервис» ЖШС атқаруда. Қазіргі таңда елді мекен ішіне газ құбырларын тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Аудан басшысы газ құбырларын жүргізу барысында асфальт жолға зақым келтірмеуді қатаң ескертіп, тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

ЕСТЕ САҚТА «АҚЫЛСЫЗ АДАМ ЕСТІ АЛДАЙТЫН ЕСІРТКІ ТҰТЫНАДЫ»

Есте жоқ ерте бір заманда ақыл парасаты асқан патша болыпты. Оның бір ақылды уәзірі өте қартайғандықтан патшаға келіп, мені қызметімнен босат. Мен қартайдым, көп ауырамын, және жүрсем шаршап шалдығамын депті. Патша оны босатқысы келмеді. Өйткені ол уәзір өте ақылды еді. Сондықтан патша оған олай болса орнына ең ақылды уәзір тауып бер дейді. Уәзір әрі ойланып, бері ойланып патша көңілінен шығатын адам таппайды. Уәзір патшаға:

-Уа ұлы патшам, мен лайықты адам таппадым. Ел ішінде ақылына көркі сай небір азаматтар бар шығар. Солардан іздейік,-дейді. Патша:

-Іздесек іздейік, бірақ қалай таппақтыз дейді.

-Ол үшін сынақ өткізсек,-деп ұсыныс жасайды.

-Олайболсасолсынақты сен жаса, мен бақылайын,-депті. Уәзір өз орнына бас уәзір болатын жігітке іріктеу жүретінін айтады. Сөйтіп көптеген жігіттермен сұхбаттасып, барлығын жаратпайды. Бір кезде Қоймашы

өз баласын мақтап, осы баламды сына дейді. Одан кейін Әскер басы да баласын әкеліп, сынаққа қос диді. Сөйтіп жатқанда бір білімді адам өз баласын халыққа қызмет етсін деп алып келеді

Оларға уәзір: Адамға не зиян? Табиғатқа не зиян? Не көңіл көтереді?,- Соны біліп келіндер дейді.

Арада белгілі бірауықт өткенде үш жігіт те сынақтарын тапсыруға келеді. Бірінші қоймашының баласы сынаққа келеді. Уәзір: -Ал, айта ғой, адамға не зиян, табиғатқа не зиян, не көңіл көтереді,-дейді. Сонда қоймашының баласы:

-Адамға ауыр жұмыс жасаған зиян, табиғатқа жылан зиян ал көңіл көтеретін нәрсе ол шарап,-дейді. Сонда уәзір:

-Дұрыс емес. Келесі келсін дейді. Екінші болып әскербасының баласы келеді. Ол: -Адамға дәрі ішу зиян, қасқыр табиғатқа зиян ал көңіл көтеретін нәрсе ол есірткі дейді. Уәзір ашуланып:

-Сенікі де дұрыс емес. Бұдан кейін кім бар,-дейді. Ғұламаның баласы кіреді. Ол:

-Табиғатқа ақымақ адам зиян, адамға ақылсыз іс зиян, ал адам көңілін көтеретін білім –депті. Бұған қуанған Уәзір неге бұлай дедің депті. Сонда жігіт:

-Ақымақ адам ішімдікке құмар болады, ол мас болса органы бүлдіреді. Ақылсыз адам есті алатын есірткі тұтынады. Ол өзін және достарын құртады. Ал, білімді адам ибалы, тәрбиелі болады. Ол адам жақсы болады депті. Уәзір оқымыстының баласына риза болып, өз орнына уәзір етіп қойыпты. Ал патша осы жас уәзірмен қартайғанша ел басқарыпты.

Оразбек Айлин РЫСБЕКҚЫЗЫ,
Қызылорда қаласы,
І.Қабылов атындағы
№12 ІТ- мектеп-лицейінің
6 «Б» сыныбының оқушысы
Жетекшісі: Қазақ тілі мен әдебиет
пәнінің мұғалімі
Сартова Камшат Қалдыбекқызы

НЬЮ-ЙОРКТЕ 8 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛҒАН

Нью-Йорк қаласында екі күнге созылған қатты аяз салдарынан сегіз адам қаза тапты, деп хабарланған.

АҚШ-та аязды дауылдан кейін бірқатар өңірде төтенше жағдай болған. Ұлттық метеорологиялық қызметтің (NWS) дерегіне сәйкес, ауа райының қолайсыздығына байланысты мектептер мен жолдар жабылып, әуе рейстері тоқтатылған. Сондай-ақ мыңдаған тұрғын жарықсыз қалған.

Нью-Йорк мэрі Зохран Мамдани боранның басылуы қауіп толық өтті дегенді білдірмейтінін айтты. Оның сөзінше, қаладағы баспаналарға қабылдау талаптары жеңілдетіліп, мұқтаж жандардың барлығы орналастырылып жатыр.

Қала билігі «Көк код» (Code Blue) режимі әлі де күшінде екенін мәлімдеді. Билік өкілдері суықтан зардап шегіп жүрген адамдарды байқаған жағдайда 311 нөміріне хабарласуға шақырды.

Өткен жылғы ресми деректерге сәйкес, Нью-Йорк көшелерінде үй-күйсіз адамдар саны 4,5 мыңнан асады. Коалиция өкілі Дейв Гиффеннің айтуынша, аязды түндерде олар көзге түсе бермейтін жерлерді паналайды, сондықтан дер кезінде көмек көрсету қиындайды.

Температураның одан әрі төмендеуіне байланысты қала билігі көмек көрсету топтарының жұмысын күшейтіп, тұрғындарды баспаналар мен жылыну пункттеріне шақыруды жалғастырып жатыр.

ҮНДІСТАНДА ВИРУСЫ ӨРШІДІ

Үндістанның Калькутта қаласына жақын жерде Нипах вирусының өршуі анықталған.

Репорт ақпаратынша, Батыс Бенгалия штатында вирустың 5 жағдайы анықталды, оның үшеуі осы аптада тіркелді. Зардап шеккендердің арасында дәрігер, медбике және медициналық мекеменің бір қызметкері бар.

Калькутта маңындағы жеке ауруханада жұмыс істейтін тағы екі медбике вирусты жаңа жылдан кейін жұқтырып алған. Екеуінің де қызуы көтеріліп, тыныс алу жолдары бұзылған. Ауру жұқтырған әйелдердің бірі комаға түскен. Ол тестілеу жүргізілмей тұрып қайтыс болған наукасты емдеу кезінде вирус жұқтырған болуы мүмкін деген болжам бар.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы нөмірі КЗ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №19
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/